

2014 жылға халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 6 ақпандағы № 44 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 3 наурызда № 2556 болып тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімі аппаратының 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 03-145 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданы әкімі аппаратының 23.01.2015 № 03-145 хатымен).

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 31 бабының 2 тармағына, «Халықты жұмыспен қамту туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңының 5 бабының 2 тармағына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2014 жылға нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесі б е л г і л е н с і н .

2. Нысаналы топтарға жататын адамдардың қосымша тізбесіне Шардара ауданының аумағында тұратын келесі тұлғалар кіреді:

- 1) ұзақ (он екі айдан аса) жұмыс істемеген адамдар;
- 2) елу жастан асқан тұлғалар;
- 3) алған мамандығы бойынша еңбек өтілі мен тәжірибесі жоқ, 21 жастан 29 жас аралығындағы жұмыс істемейтін жастар;
- 4) уәкілетті органның жолдамасы бойынша кәсіби оқуды аяқтаған тұлғалар;
- 5) ж ұ м ы с с ы з ә й е л д е р .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Т. Байтұрғановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

К.Айтұреев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК